

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен облыстардың және Алматы қаласының әкімдері арасында экономиканы реформалау және өзекті әлеуметтік-экономикалық индикаторларға жету жөніндегі шараларды жүзеге асыру туралы келісімдер жасасу практикасын енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 24 желтоқсан N 1600. Күші жойылды - ҚРУ-нің 1997.06.27. N 1028 қаулысымен. ~P971028

Аймақтарда реформаларды тереңдету және Аймақтық саясат тұжырымдамасын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1997 жылы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен облыстардың және Алматы қаласының әкімдері арасында экономиканы реформалау және өзекті әлеуметтік-экономикалық индикаторларға жету жөніндегі шараларды жүзеге асыру туралы келісімдер жасасу жөнінде Алматы, Қоғаштау, Қарағанды және Қызылорда облыстары тұрғысында эксперимент жүргізсін.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен облыстардың және Алматы қаласының әкімдері арасында экономиканы реформалау және өзекті әлеуметтік-экономикалық индикаторларға жету жөніндегі шараларды жүзеге асыру туралы келісімдер жасасудың қоса беріліп отырған тәртібі бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен облыстардың және Алматы қаласының әкімдері арасындағы экономиканы реформалау және өзекті әлеуметтік-экономикалық индикаторларға жету жөніндегі шараларды жүзеге асыру туралы келісімдерінің Үлгі нысаны мақұлдансын (қоса беріліп отыр).

4. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі Қазақстан Республикасының Үкіметіне тоқсан сайын эксперимент өткізуудің барысы туралы ақпарат ұсынсын.

5. Ведомствоаралық комиссия облыстар мен Алматы қаласы әкімдері қызметінің рейтингтік жүйесі үшін 1997 жылдың қорытындысы бойынша аймақтарда реформалар жүргізу жөнінде эксперимент жүргізуудің нәтижесін қарап, Қазақстан Республикасының Үкіметіне басқа облыстарда да Келісімдер жасасу практикасын енгізуудің мақсаттылығы туралы ұсыныс енгізсін.

6. Алматы, Қоғаштау, Қарағанды және Қызылорда облыстарының әкімдері бір ай мерзім ішінде Қазақстан Республикасының Үкіметімен экономиканы

реформалau және өзекті әлеуметтік-экономикалық индикаторларға жету жөніндегі шараларды жүзеге асыру туралы Келісімді әзірлеп, жасайтын болсын.

7. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан

Республикасының Экономика министрлігіне, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне және Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппаратының Аумақтық даму бөліміне жүктелсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1996 жылғы 24 желтоқсандағы

N 1600 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен облыстардың және Алматы қаласының әкімдері арасындағы экономиканы реформалau және өзекті әлеуметтік-экономикалық индикаторларға қол жеткізу жөніндегі шараларды іске асыру туралы келісімдер жасаудың

ТӘРТІБІ

Осы құжат Қазақстан Республикасы Үкіметі мен облыстардың және Алматы қаласының әкімдері арасындағы экономиканы реформалau және өзекті әлеуметтік-экономикалық индикаторларға (одан әрі - Келісім) қол жеткізу жөніндегі шараларды іске асыру туралы келісімдер жасаудың, олардың орындалуы қорытындыларын шығару, тиісті материалдарды министрліктерде, мемлекеттік комитеттерде, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдарында ұсынудың және келісудің тәртібін регламенттейді.

1. Облыстар мен Алматы қаласының әкімдері әкімдердің 1996-1998 жылдарға арналған реформаларды терендету жөніндегі іс-қымыл жоспарлардың қағидаларына сүйене отырып, нақты шаралар мен өзекті индикаторларды тоқсандарға бөлу арқылы Келісім жобаларын жасайды және 1997 жылдың 20 қаңтарына дейін Қазақстан Республикасының Экономика министрлігіне ұсынады

2. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі тиісті министрліктермен және мемлекеттік комитеттермен бірлесе отырып, облыстар ұсынған материалдарды қарайды және қажет болғанда Келісімдердің жобасы қосымшаларының жекелеген тармақтарына облыстармен келісілген түзетулер енгізеді. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігімен келісілген Келісімдердің жобалары аймақтарда реформаларды жүргізу жөніндегі облыстар мен Алматы қаласының әкімдері қызметінің рейтингтік жүйесі үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Ведомствоаралық комиссияның (одан әрі - Ведомствоаралық комиссия) мәжілісіне енгізіледі.

Осы құжат бойынша туындауы мүмкін келіспеушіліктер белгіленген тәртіpte тиісті негіздемелермен, екі тараптың пікірлерін көрсете отырып рәсімделеді және Келісімдер жобасымен қоса беріледі.

3. Комиссия 1997 жылдың 10 ақпанына дейін мерзімде тиянақталған, келісілген Келісімдердің жобаларын белгіленген тәртіpte Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынады.

4. Келісімдердің жобаларын қарау Қазақстан Республикасының Үкіметінде тиісті хаттаманы рәсімдей отырып, министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің және Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппаратының бөлімдері басшыларының, сондай-ақ облыстар мен Алматы қаласы әкімдерінің қатысуымен Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасарында өтеді. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Келісімге түпкілікті тиянақталғаннан кейін қол қояды және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бекітуіне ұсынады. Аймақтар атынан Келісімге облыстар мен Алматы қаласының әкімдері қол қояды.

5. Келісімдер шарттарының орындалуына қадағалау жасау мониторингі Ведомствоаралық комиссиясының жұмысы шеңберінде тоқсан сайын жүргізіледі

6. Келісімдер ережелерінің орындалу дәрежесін неғұрлым толық және тиянақты зерделеу үшін келесі тоқсанның бірінші айының 15-і қуніне дейін тиісті аймақтарға Қазақстан Республикасының Үкіметі Аппаратының, министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің және өзге де орталық атқарушы органдардың мамандарынан құрылған арнаулы ведомствоаралық миссиялар жіберіледі. Ведомствоаралық комиссияның жеке құрамын Қазақстан Республикасының Үкіметі Аппаратының Аумақтық даму бөлімінің келісімі бойынша Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі белгілейді.

Кезекті тоқсанды қарау нәтижелері жөніндегі Келісім келесі тоқсандарға арналып, жыл аяғына дейін тиянақталады.

7. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен облыстардың және

Алматы қаласының әкімдері арасындағы Келісімдерді орындаудың нәтижелері екі жақтан да тиісті шара қолдануға негіз болады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі тарапынан ол ұйымдастыру шаралары, ал облыстардың және Алматы қаласының әкімдері тарапынан - нақты проблемалар мен мәселелер қою шаралары.

8. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі Келісімдерді іске асырудың мониторингін жүргізуші жұмыс органы болып табылады.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 24 желтоқсандағы
N 1600 қаулысымен
Макұлданған
Нысан

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен
облысының (Алматы қаласының)

әкімі арасындағы экономиканы реформалау және өзекті
әлеуметтік-экономикалық индикаторларға қол жеткізу
жөніндегі шараларды іске асыру туралы

ҮЛГІ КЕЛІСІМ

199 ___ жылғы " "

Аймақтарда реформаларды одан әрі тереңдету және Қазақстан Республикасының Аймақтық саясат тұжырымдамасының ережелерін іске асыру мақсатында, осы келісімге қол қоюшылар өздеріне төмендегідей міндеттемелер алады:

1. _____ облысының (Алматы қаласының) әкімі _____
_____ Қазақстан Республикасы Президентінің "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Зан күші бар Жарлығына, кедендік зандарға және басқа нормативтік құжаттарға сүйене отырып, сондай-ақ

аймақтарды әлеуметтік-экономикалық дамытудың аймақтық бағдарламалары мен индикативтік жоспарларында белгіленген міндеттер түрғысынан 1-қосымшада көзделген шаралардың

орындалуын және 2-қосымшада көзделген көрсеткіштерге қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі _____ облысының (Алматы қаласының) әкімі 1-тармақта қабылданған міндеттемелерді іске асырған және 2-қосымшада көзделген көрсеткіштерге қол жеткізген жағдайда, 3-қосымшадан туындайтын тармақтардың орындалуын қамтамасыз етеді.

_____ облысының (Алматы қаласының) әкімі
Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары.

Ескерту. Үлгі келісімге сондай-ақ аймақтардың ерекшелігін ескеретін басқа да тармақтар енгізілуі мүмкін.

1-қосымша

_____ облысының (Алматы қаласының) _____ жылға арналған экономиканы реформалау жөніндегі тоқсан бойынша бөлінген шараларының үлгі ТІЗБЕСІ

_____ облысының әкімі, 1996-1998 жылдарға арналған реформаны тереңдептес жөніндегі _____ әкімінің

іс-қимыл Бағдарламасында және 1997 жылға арналған реформаны тереңдептес жөніндегі іс-қимыл Жоспарында көрсетілген шараларды толық және дер кезінде орындауды қамтамасыз етеді.

_____ облысы әкімінің іс-қимылы төмендегі мақсаттарға бағытталады:

қаржылық және салықтық-бюджет саласында:
мезгілінде төленбеген алымдарды азайтуға және салықтар мен басқа да төлемдерді толық жинауды және дер кезінде есептеуді қамтамасыз ету есебінен бюджеттік кірісті арттыруға, қолданыстағы зандарға сәйкес қасақана төлемеушілерге қатаң шаралар қолдану; жергілікті бюджет шығындарының

құрылымын рационализациялау және басқару органдарын, сондай-ақ денсаулық сақтау және білім беру объектілерін қысқарту мен қайта құрылуын ескере отырып, бюджет шығындарын ретке келтіру, жалпы оларды ақылы негізге көшіру; бюджет қаражаты есебінен сатып алулардың тендерлік жүйесін қамтамасыз ету;

кәсіпорындардың қаржылық ахуалын сауықтыру және төлем төлемеу деңгейін төмендету бойынша:

сот, кәсіпорындарды қайта үйімдастыру жөніндегі агенттік және Медетши банкі арқылы шығынды және төлем төлеуге қабілетсіз кәсіпорындарды санациялау, банкроттау және тарату жолымен олардың санын азайту; мемлекеттік және коммуналдық меншік кәсіпорындарының қаржылық-төлем төлеу тәртібіне бақылау жасау; қызмет көрсететін және бюджеттік үйімдар үшін өнімдерді өткізетін кәсіпорындар мен бюджеттің қатысуымен эмиссиясыз есепке алулар жүргізу;

институционалдық жаңғыртулар саласында:

1997 жылдың 1 шілдесіне дейін шағын, жаппай жекешелендіруді және АӨК саласында жекешелендіруді аяқтау, голландық тәсілді белсенді пайдалана отырып, жеке жекешелендіру жөніндегі жұмысты, акционерлік қоғамдардағы мемлекеттік пакеттерді стратегиялық инвесторларға сатуды жалғастыру; денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет және ғылым объектілерін жекешелендіру ; монополдық құрылымдарды қайта үйімдастыруды жалғастыру, монополистердің қызметіне және олардың қызмет көрсетулеріне (өніміне) арналған шығасылары мен тарифтерін қалыптастыруға бақылау жасау; ішкі және сыртқы саудадағы тосқауылдарды жою, бәсекелестікті көтермелеу;

тұрғын үй-коммуналдық секторын реформалау бойынша:

тұрғындарға түсінік беру жұмысын жүргізу, пәтерлерді меншіктенушілердің (кондоминиумдардың) кооперативтер құруын ынталандыру және қолдау көрсету, жәрдемақы төлеу орталықтарының тиімді жұмыс істеуін үйімдастыру;

жер реформасын іске асыру бойынша:

қызметкерлерге жер үлесіне арналған құқықтары туралы куәліктерді бере отырып, ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының жер үлестерін жеке тұлғаларға беру, жерді өмір бойы және уақытша пайдалану құқығына арналған құжаттарды рәсімдеу және қайта рәсімдеу жөніндегі жұмысты жалғастыру;

шағын және орташа бизнесі дамыту бойынша:

кәсіпкерлікті қолдаудың және дамытудың облыстық бағдарламаларын іске асыру, кредиттеудің ішкі және сыртқы көздері есебінен шағын және орташа бизнес салаларында басым жобаларды дайындау және іске асыру; іске енді кірісken кәсіпкерлерді қолдау жөнінде және олардың бизнес-оқу жүйесінде инфрақұрылымдарды құру;

инвестиция саласында:

бюджет қаражаты есебінен және мемлекеттік кепілдікпен облыс кәсіпорындарына бөлінген инвестициялық ресурстарды тиімді пайдалануына бақылауды жүзеге асыру; аймақ экономикасына қаражат салу үшін инвесторларды тарту жөнінде жұмыстар жүргізу;

жұмыспен қамтамасыз ету саласында:

жұмыспен қамтудың облыстық бағдарламаларын және қоғамдық жұмыстарды дамытудың бағдарламаларын іске асыру; жұмыссыз азаматтарды кәсіптік қайта бағдарлау және оқыту жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру, үйде еңбек ету мен қызметтің әралуан түрлерін дамыту;

қызметті лицензиялау саласында:

облыстық басқару органдарының занды түрде бекітілген өкілеттіктеріне сәйкес лицензиялық қызметті тәртіпке келтіру және оңайлату;

зейнетақылар бойынша қарыздарды қысқарту жөнінде:

зейнетақы қорына төлем жасаудан жалтарушы кәсіпорындарға

қатысты істерді прокуратураға беруге дейінгі шараларды қатайту, зейнетақылар бойынша борыштарды өтеу үшін Халықтық Банктің несиелік қаражатын пайдалану;

халықты әлеуметтік қорғау бойынша:

халықтың неғұрлым хал-ауқаты төмен және кемшін топтарына көніл бөле отырып, әлеуметтік қорғаудың атаулылығын арттыру, халықтың қаражатын, демеушілерді және қайырымдылық қорларын тарта отырып, халықты әлеуметтік қорғаудың аймақтық бағдарламаларын жасау және іске асыру.

2-қосымша

_____ облысының әлеуметтік-экономикалық
дамуын сипаттайтын 199__ жылға арналған негізгі
индикаторларының тоқсандар бойынша бөлінген тізбесі

N	Көрсеткіштер	Мәні Көрсеткіштерді келісуге жауаптылар
---	--------------	--

-
1. 1994 жылдың салыстырмалы бағасының нақты көрсеткіштеріне сүйеніп отырып, өнеркәсіп

өнімдерінің заттай көлемінің	
индексі, %	Экономмині
2. Откен жылдың тиісті кезеңімен	
алғандағы ауылшаруашылығы	
өнімдері, % (1994 жылдың	
салыстырмалы бағаларымен)	Ауылшармині
3. Тұтыну бағаларының индексі, %	Экономмині
4. Жұмыссыздық деңгейі, %	Еңбек және әлеуметмині
5. Жыл басындағы салыстырғанда	
зейнетақы төлеу жөніндегі	
берешектің азаю проценті	Еңбек және әлеуметмині
6. Жыл басындағымен салыстырғанда	
бюджет саласында еңбекақы	
төлеу жөніндегі берешектің	
азаю проценті	Қаржымині
7. Жыл басындағымен салыстырғанда	
мезгілінде төленбеген несиелік	
берешектің азаю проценті	Ұлттықстатағенттігі
8. Жыл басындағымен салыстырғанда	
сақтандыру жарналарын	
төлеушілердің зейнетақы қорына	
берешегінің азаю проценті	Еңбек және әлеуметмині
9. Салықтар мен төлемдердің	Мемлекеттік салық
қамтамасыз ету проценті	комитеті

3-қосымша

Республикалық бюджет туралы заңға және басқа нормативтік актілерге сәйкес 199 жылғы _____ облыстарды (Алматы қаласын) дамытуға бағытталған тоқсандар бойынша бөлінген қаржы трансфертінің тізбесі

мың теңге

Көрсеткіштер	Мәні Көрсеткіштерді келісуге жауаптылар
--------------	--

Облысқа бөлінетін қаржы
трансфертінің көлемі:

- | | |
|--|-----------------------|
| 1. Респубикалық бюджеттен | Каржымині |
| одан: | |
| субвенциялар | Бұл да сол |
| инвестициялар, | " |
| соның ішінде: | |
| қайтарымды негізде | " |
| қайтарымсыз негізде | " |
| 2. Зейнетақы қоры | Еңбек және әлеуметтік |
| 3. Әлеуметтік сақтандыру қоры | Бұл да сол |
| 4. Міндетті медициналық сақтандыру
қоры | " |
| 5. Жұмыспен қамтуға жәрдемдесу қоры | " |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК